

Р. Аманбайқызы^{1*} , А.Ж. Аяганова² ,
Н.С. Жұбаназарова³ , Г.А. Тотикова⁴ 

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қызылорда, Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

⁴М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: raikhan.832016@gmail.com

КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫ ДАМУ ОЙЛАУ ДИЗАЙНЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Мақалада ойлау дизайн процесінің креативті ойлаудың дамуына әсерін қарастырған. Авторлар креативті ойлаудың шешім қабылдаудың тиімділігіне және тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы ойлау дизайнының негізі болатындығына тоқталған. Креативті ойлауды дамыту психология ғылымында теориялық және практикалық жағынан шешімі толық табылмаған мәселенің бірі болып табылады. Ойлау дизайнының қалыптасу кезеңдері эмпатия, мәселені анықтау, идеяларды генерациялау, прототиптеу мен олардың интеграциясына тоқтала отырып, қойылған міндеттерді шешудегі және креативті ойлауды дамытудағы оңтайлы жолдар көрсетілген. Мақала авторлары зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттерге жан-жақты талдау ұсынған. Зерттеу жұмыстарында «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының студенттерімен тәжірибелік жұмыс мазмұны толық баяндалып, алынған нәтижелерге талдау жүргізілген. Зерттеудің мақсаты – студенттердің креативті ойлауының даму деңгейлерін диагностикалау, жоғары оқу орнында шығармашылық білім беру ортасын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Болашақ педагогтармен жүргізілген тәжірибелік жұмыс қорытындысы бойынша креативті ойлауды дамыта отырып, процеске қатысушыларға стандартты емес ойлауға, стереотиптерді еңсеруге және инновациялық шешімдерді іздеуге ықпал ететіні көрсетілді. Мақалада осы әдіснаманы жоғары білім саласында табысты қолдану мысалдары келтіріледі, бұл олардың әмбебаптығы мен маңыздылығының айқын көрінісі.

Түйін сөздер: ойлау дизайн, креативті ойлау, эмпатия, идеялар генерациясы, инновация, прототиптеу.

R. Amanbaikyzy^{1*}, A.Zh. Ayaganova²,
N.S. Zhubanazarova³, G.A. Totikova⁴

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan

²Academy of Public Administration under the President of Kazakhstan, Kyzylorda, Kazakhstan,

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

⁴M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: raikhan.83@mail.ru

Development of creative thinking as a basis for design thinking

The article discusses the influence of the design thinking process on the development of creative thinking. The authors note the effectiveness of creative thinking in decision-making and that through the development of the creative potential of the individual lies at the heart of design thinking. The development of creative thinking is one of the unsolved problems in psychology both in theory and in practice. The stages of design thinking reflect the optimal ways of problem solving and the development of creative thinking, emphasizing empathy, problem identification, idea generation, prototyping and their integration. The authors of the paper provided a comprehensive literature analysis of the research topic. The research paper details the content of practical work with students of the educational program Pedagogy and Psychology, as well as analyzed the results obtained. The purpose of the study is to diagnose the level of development of creative thinking of students, to develop proposals for the formation of creative educational environment in the university. According to the results of practical work with future teachers it was demonstrated that by developing creative thinking the participants of the process promote non-standard thinking, overcoming stereotypes and searching for innovative solutions. The article provides examples of successful application of this methodology in the field of higher education, which clearly demonstrates their universality and significance.

Keywords: design thinking, creative thinking, empathy, idea generation, innovation, prototyping.

Р. Аманбайқызы^{1*}, А.Ж. Аяганова²,
Н.С. Жұбаназарова³, Г.А. Тотикова⁴

¹Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

²Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Кызылорда, Казахстан

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

⁴Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

*e-mail: raikhan.83@mail.ru

Развитие креативного мышления как основы дизайн-мышления

В статье рассматривается влияние процесса дизайна мышления на развитие креативного мышления. Авторы отмечают эффективность креативного мышления в принятии решений и то, что через развитие творческого потенциала личности лежит в основе дизайна мышления. Развитие креативного мышления является одной из нерешенных задач в психологии как в теории, так и на практике. Этапы формирования дизайна мышления отражают оптимальные пути решения поставленных задач и развития креативного мышления, акцентируя внимание на эмпатии, выявлении проблем, генерации идей, прототипировании и их интеграции. Цель исследования – диагностика уровня развития креативного мышления студентов, выработка предложений по формированию творческой образовательной среды в вузе.

Авторы статьи предоставили анализ литературы по теме исследования. В практической части исследования изложено содержание опытно-практической работы со студентами образовательной программы «Педагогика и психология», а также проанализированы полученные результаты. По итогам практической работы с будущими педагогами было продемонстрировано, что развивая креативное мышление участники процесса способствуют нестандартному мышлению, преодолению стереотипов и поиску инновационных решений.

В статье приведены примеры успешного применения данной методологии в области высшего образования, что наглядно демонстрирует их универсальность и значимость.

Ключевые слова: дизайн мышления, творческое мышление, эмпатия, генерация идей, инновации, прототипирование.

Кіріспе

Бүгінгі таңдағы жылдам әлеуметтік өзгерістер мен жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесін реформалау жағдайы педагогика мен психологияның тәжірибелік бағытын дамыту арқылы кәсіби іс-әрекетте туындайтын мәселелерді креативтілікпен шеше алатын педагогтерді даярлауды талап етеді және білім беру саласындағы педагогикалық-психологиялық зерттеулердің бағытын анықтады. Педагогтерді даярлаудың академиялық сипаты студенттердің креативті ойлауы арқылы ойлау дизайнын қалыптастыруды толық қамтамасыз етпейді. Жоғары оқу орындарының түлектерінде арнайы білім, кәсіби дағдылардың жеткілікті деңгейі болса да, жұмыс нысандары мен әдістерін таңдау еркіндігіне ие бола отырып, стандартты емес жағдайларда жедел шешімдер қабылдау мен орындауда қиындықтарға тап болады.

Креативті ойлауды дамытудың қажеттілігі ерте балалық шақ кезеңінен бастау алып, ауқымды білім беру контекстін қамтиды. Креативті ойлау сурет салу немесе жазу секілді дәстүрлі шығармашылық дағдылармен шектелмей, мәселелерге жаңа көзқарас тұрғысынан қарау қабілетін қамтиды. Яғни, түрлі пәндерде альтерна-

тивті шешімдер мен жаңа әдістерді қолдануды көздейді.

Осыған байланысты креативті ойлау білім беру үдерісінде студенттерге идеяларды топтастыруға, сұрақтар қоюға, альтернативалармен эксперимент жасауға және өзінің және топтастарының жұмысын бағалауға қиялын қолдануға көмектесетіндіктен шешуші мәнге ие. Сонымен қатар болашақ педагогтердің кәсіби қызметке араласқан кезде шығармашылық іс-әрекетпен айналысуына және креативтілік әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін құзыреттіліктерін қалыптастыру маңызды болып табылады. Осы аса маңызды дағдыны дамытуға ықпал ететін неғұрлым тиімді құралдардың бірі – ойлау дизайн әдіснамасы болып табылады.

Әдебиетке шолу

ҚР «Педагог мәртебесі» туралы заңының «Педагогтің кәсіби қызметтегі құқықтары» атты 7-бабының «Педагог өзінің кәсіби қызметінде» атты бөлімінде «...ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге, шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық

бағдарламаларын әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға» деп көрсетілген (Бұзаубақова, 2014).

Білім берудегі басты назар оқу мен есте сақтауға бағытталғанымен, болашақ мамандардың дағдыларын, әсіресе креативті ойлау қабілетін дамытып отыру жиі ескерілмеле бермейді. Сондықтан креативті ойлайтын таланттарды дамыту білім беру саласы үшін өзекті мәселе болып табылады.

Педагогикалық және психологиялық зерттеулерде жалпы тұлғаның ойлауын, әсіресе креативтілікті, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесі жаңа болып табылмаса да бұл мәселені қазақстандық ғалымдар К.Ж.Бұзаубақова (2014), Ш.Т. Таубаева (1999), Б.А.Тұрғынбаева (2007), С.Р.Қыдырова (2021), Б.А.Оспанова (2006), Ә.Б.Бөгенбаева (2023) өз зерттеулерінде қарастырған. Креативті ойлау мәселесін шетелдік зерттеушілер К. Дункер (1981), Е.П. Торренс (1988), С.Л. Рубинштейн (2000), А.Н. Леонтьев (2005) және т.б. креативті ойлаудың ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастырды.

Соңғы онжылдықта ойлау дизайн тұжырымдамасы күрделі мәселелерді шешу және инновацияларды ынталандыру үшін негізгі құрал ретінде кеңінен танылды. 1960 – шы жылдары алғаш рет жүйелендіріліп, қызметтерді жобалау шеңберінде әзірленген бұл тәсіл енді дәстүрлі дизайн шегінен шығып, бизнестен бастап әлеуметтік сала мен білім беруге дейінгі салалардың кең ауқымын қамтиды. Ойлау дизайн негізі қолданушылардың қажеттіліктерін терең түсінуге ұмтылу және осы қажеттіліктерді қанағаттандырып қана қоймай, олардың күтулерінен де асып түсетін шешімдер табу болып табылады. Шығармашылық ойлау принциптері ойлау дизайнының ажырамас бөлігі болып табылады. Креативті ойлау проблемаларға жаңа көзқараспен қарауды және жаңа шешімдерді іздеу үшін жаңа әдістерді қолдануды көздейді (Адамс, Виста, Скоулар, Аввал, Гриффин, 2015).

Ойлау дизайнының маңызды теориялық негіздерінің бірі Л.С.Выготскийдің әлеуметтік теориясы болып табылады, яғни ол әлеуметтік өзара іс қимыл сана мен танымды әлеуметтендіру және әлеуметтік мінез құлық өнімдеріне айналдыра отырып, когнитивтік дамудан бұрын болады деп тұжырымдайды. Бұл ойлау дизайнының итеративті табиғатымен үйлеседі, прототиптер адамның шынайы қажеттіліктері мен шартта-

рына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін пайдаланушылардың пікірлері негізінде әзірленеді, сыналады және жетілдіріледі. Л.С.Выготскийдің теориясына сүйенсек, өзара оқыту білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы диалогқа ықпал ете отырып, материалды тереңінен зерттеуге ықпал етеді. Бұл әдіс бірлескен оқытуды және қорытынды шығару, сұрақтар қою, түсіндіру және болжау сияқты негізгі дағдыларды пысықтауды қамтиды. Scaffolding – оқытудың тұжырымдамасы, мұнда мұғалім немесе тәжірибелі әріптес жаңадан келгендерге тапсырмаларды табысты орындауы үшін оларды құрылымдауға көмектеседі (Ильин, 2009). Бұл бірлескен тәсіл білім алушылардың шығармашылық ойлау мүмкіндіктерін кеңейте отырып, топты оқу қауымдас-тығына айналдырады.

Жалпы алғанда креативті мамандарға деген қажеттілік бүкіл әлемде өзекті мәселе болып отырғанда, бірқатар елдерде болашақ мамандарды жоо-дағы білім беру жүйесінде креативтілікке оқытуды қалай жүзеге асыруға болатынын зерттеу өзекті болып келеді. Креативті ойлауды дамытуда ойлау дизайн қаншалықты тиімді? Ең алдымен, бұл эмпатияға, зерттеу әдісіне және итеративтік үдеріске баса назар аударатын әдіснама. Мәселелерді шешудің желілік және болжамды жолдары шоғырланған дәстүрлі модельдерге қарағанда, ойлау дизайны барлық шешімдерді жүйелі түрде зерделеу және қайта қарау арқылы креативті ойлауда кездеседі. Осылайша, ойлау дизайн қағидаттарын түсіну және қолдану қоғамға кәсіби міндеттерді шешудің жаңа жолдарын таба алатын, шығармашылыққа ынталы және стандартты емес шешімдерге қабілетті, өзінің жеке басының қажеттіліктеріне жауап бере алатын креативті маман даярлауға қажет құрал бола алады. Бұл мақалада біз ойлау дизайнының теориялық негіздері креативті ойлауды дамытуға қалай көмектесетінін және осы қағидаларды тәжірибеде қалай тиімді қолдануға болатынын қарастырамыз.

Зерттеу материалдары және әдістері

Ойлау дизайнының бірнеше анықтамалары болғанымен, ойлау дизайн практикасының көпшілігі бұл күрделі проблемаларды шешу үшін шығармашылық тәсілді қолдануға мүмкіндік беретін процесс, ойлау және әлемді жақсарту.

Ойлау дизайнын қолдану кезінде адам қолданыстағы стереотиптердің (thinking outside the box) шегінен шығуы тиіс. Бұл іс жүзінде нені

білдіреді? Әрбір жоба немесе өнім тұлғаның белгілі бір мәселесін шешеді. Мәселені шешу үшін жобаның мақсатты аудиториясының қажеттіліктері мен мүдделерін терең зерттеу қажет.

Ойлау дизайны үнемі жетілдіру мен минимализмге негізделі отырып, өз айналасындағы ортаны өзгертуге және ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Алдымен барлық ақпаратты жинаймыз, содан кейін оны тексеріп, сұрыптаймыз.

Ойлау дизайнының кезеңдері (этаптары) төмендегідей қалыптасады:

Біріншіден, эмпатия. Бұл кезең мәселені терең зерделеуден тұрады. Осы кезеңде біз пайдаланушының тәжірибесін бақылаймыз, одан пікір аламыз және оның физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктері туралы ақпарат жинаймыз. Біз пайдаланушының портретін жасаймыз, оның мінез-құлқының ерекшеліктерін, ойлауын бөліп көрсетеміз. Бұл жерде эмпатия көрсете білу, яғни басқа адамның тәжірибесін сезіну, оны нені алаңдататынын түсіну маңызды. Бұл өз нанымдары мен таптаурындарынан шеттетілгенде ғана мүмкін болады.

Екіншіден, мәселені анықтау – пайдаланушының мінез-құлқын салыстыру, жүйелеу және талдау арқылы біз өзіміздің міндеттерімізді түсінеміз. Фокус кезеңінде біз басты мәселені немесе жауап іздейтін сұрақты қалыптастырамыз. Мәселе нақты және маңызды, ал міндеттер нақты тұжырымдалған және шынайы болуы тиіс.

Үшіншіден, идеяларды қалыптастыру. Мәселені анықтағаннан кейін біз оны шешу жолдарын іздей бастаймыз. Ауқымдылығы мен маңыздылығы әр түрлі, мүмкіндігінше көп идеяларды ұсынған дұрыс. Бұл сізге ең жақсы шешімді табуға мүмкіндік береді. Идеяларды таңдау ұжымдық түрде, талқылау арқылы жүзеге асады.

Төртіншіден, прототиптеу. Бұл кезең жобаның, өнімнің немесе қызметтің бастапқы нұсқасын жасауды қамтиды. Бұл шешімдегі елеулі кемшіліктерді табуға және оларды түзетуге көмектеседі.

Бесіншіден, тестілеу. Соңғы жобаны, өнімді немесе қызметті пайдаланушы сынауы керек. Пайдаланушы кері байланыс береді, біз оны талдаймыз, содан кейін біз өзгерістер енгіземіз және алдыңғы кезеңдерге ораламыз. Өз көзқарасыңыздың, шешіміңіздің іске асырылғанына және пайдаланушыларыңыздың өміріне әсер ететініне көз жеткізіңіз.

«Креативтілік» ұғымы педагогикалық, психологиялық-философиялық теорияларда кеңінен қарастырылады (1 кесте). Философ Никифоров А.Л. (2005) өзінің еңбегінде адамды ойлау үдерісі бар жоғары тіршілік иесі деп санайды. Автор мектеп қабырғасында әртүрлі пәннен беретін ақпаратты жаттап алу, есте сақтау арқылы білім жинақталғанын жазды. Бірақ бұл есте сақтауды дамытуы мүмкін, ойлауды дамытпайды деген көзқарасын ұсынды. Аталмыш ғалым өзінің логика заңдылықтарын ұсына отырып, ойлаудың өту үдерісін жан-жақты талқылайды.

Шетелдік зерттеулер тарихындағы креативтілік феноменіне көзқарасты төмендегі №1 кестеде ұсынамыз.

1- кесте – Шетелдік зерттеулердегі креативтілік феномен

№	Автор	Сипаттамасы
1	Г. Уоллес (1858-1932)	Креативтілік процестің хронологиялық ағымын орнатты: дайындық, инкубация, жарықтандыру және тексеру.
2	В. Кёлер (1887-1967), М. Вертгеймер (1880-1943)	Креативтілікті қабылдаумен байланысты зерттеді. Олардың зерттеу нәтижелері креативтілік құбылысты одан әрі зерттеуге серпін берді.
3	А. Осборн (1888-1966)	Бірнеше идеяларды генерациялауға қатысты үдерістің құрылымын әзірледі. Бұл кейінірек креативті үдерісінің бөлігі ретінде әртүрлі идеяларды ұсыну барысында шешуші рөл атқаратын миға шабуыл әдісін құруға әкелді.
4	Дж. Гилфорд (1897-1987)	Креативтілік мінез-құлыққа қол жеткізген кезде әртүрлі «ой категорияларының» болуын ашатын «интеллект құрылымы» теориясын ұсынды. Дж. Гилфордтың зерттеуі белгілі «дивергентті ойлау сынақтарының» дамуына әкелді.
5	А. Кестлер (1905-1983)	Креативтілік үдерістің табиғатын зерттеді. А. Кестлердің пікірінше, Архимед тәжірибесі (Эврика!), креативтілікті дамытудың бастамасы және шығармашылық үдерісте мәселелерді шешудің факторы болып табылатын инсайтты ашу және зерттеу теориясының негізі болды. А. Кестлердің теориялары «жасампаздық актісі» кітабының негізін қалады.

№	Автор	Сипаттамасы
6	Э. Торренс (1915-2003)	Креативтілікте мәселелерге, тапшылыққа немесе білімдегі олқылықтарға сезімталдық, қиындықты анықтау, шешім табу, болжам жасау, оларды бірнеше рет тексеру және соңында нәтижелерді хабарлау үдерісі ретінде анықтайды. Ол жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін өлшеуге арналған сенімді құралдарды жасады. Д. Гилфордтың «дивергентті ойлау» теориясына негізделген Э. Торранстың шығармашылық ойлау сынақтарын қолдану ауқымы жеке креативтілік әлеуетті өлшеуден бастап, оны дамытудағы оқыту әсеріне дейін қамтиды. Е. Торранс креативтілік туралы мыңнан астам ғылыми мақалалар жариялады. Сондықтан оны креативтіліктің даму мәселесін зерттеудің негізін қалаушы ғалым болып табылады.

Ағылшын тіліндегі «креативтілік» ұғымының лексикалық мағынасы «жасау», «шығармашылық» жаратушы, жасаушы дегенді білдіреді. Біз әртүрлі салалардың өкілдері қоғамдық өмірдің қай саласында қолданылатынына байланысты әртүрлі анықтамалар беретінін байқаймыз. Мысалы, педагогикалық тұрғыдан алғанда, шығармашылық жаңа идеяларды жасауға дайындықты сипаттайтын және тәуелсіз фактор ретінде таланттың бөлігі болып табылатын педагогтің шығармашылық қабілеттеріне жатады (Утемов, 2024).

Креативтіліктің негізгі мағынасынан әртүрлі түсінуге болады. Басқалардан өзгеше ойлаумен және міндетті емес, жаратылыспен байланысты жоқтан бар жасау.

Нәтижелер және талқылау

Болашақ педагогтердің креативті ойлауын дамытудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау мақсатында «Креативтілер» клубының жұмысы жүргізілді. Аталмыш клубтың жұмыс

бағдарламасы жасалынып, оның мүшелерімен семинар-тренинг ұйымдастырылды. Біз өз зерттеу жұмысымызда болашақ мамандардың жалпы креативті ойлауын дамыту тетіктерін анықтауды жөн санаймыз. Бұл жағдайда біз креативті ойлауды дамытудың құралы ретінде ойлау ди-зайн тетіктерін басшылыққа алдық.

Жоғарыда айтып кеткендей, креативті ойлауды дамыту үшін «Креативтілер» клубының жұмыс жоспары ғылыми – теориялық және әдіснамалық зерттеулеріне сүйене отырып әзірленді. Диагностикалық құралдар пакетін таңдау мақсатында жоғарыда көрсетілгендей контент-анализ жасалды. Қарастырылып отырған клуб жұмысы бойынша үдеріске енгізілген диагностикалық зерттеу оқу міндеттерін шешуге, атап айтқанда, оны одан әрі дамыту мақсатында білім алушылардың өзінің креативті ойлау әлеуетін түсіну міндетіне бағынды. Диагностика екі кезеңде жүргізілді: клуб жұмысын жүргізудің басында (2024 ж.қаңтар) және соңғы кездесуде (2024 ж. сәуір).

2-кесте – «Креативтілер клубы» аясындағы семинар-тренинг бағдарламасы

№	Тақырып	Мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе Креативті ойлау: бұл не және неге маңызды? Мақсаты: креативті ойлау туралы түсінік қалыптастыру	- креативтілік дегеніміз не? - креативті ойлау критерийлері; - жаңа форматта ойлауға не кедергі? - көзқарастар, ойлау үлгілері, өткен тәжірибе.	1 с.
2	Креативті не шығармашылық ойлау. Мақсаты: Креативті ойлау ерекшеліктерін негіздеу.	- креативті ойлауға дұрыс дайындық: жағдай, көңіл-күй, нәтижеге ашықтық - мүмкіндігінше бастапқы идеялар мен гипотезаларды жасаудың 3 тәсілі	1 с.
3	Креативті ойлау түрлері. Мақсаты: Креативті ойлану арқылы стандартты ойлаудан сыни ойлауға бағыттау.	- конвергентті ойлау; - дивергентті ойлау	1 с.

№	Тақырып	Мазмұны	Сағат саны
4	Ойлау дизайны- креативті ойлау құралы Мақсаты: Ойлау дизайны туралы түсінік қалыптастыру	-ойлау дизайнының анықтамасы; - ойлау дизайнының қағидаттары: визуальді ойлау; мәселені жүйелі түрде қайта қарау; командалық жұмыс; құндылықтарға назар аудару; тәжірибеге «иә» деп айту; сөзден гөрі, іске көшу; айтқаннан гөрі, көрсету; дәлділікке шынығу; процесті есте сақтау; жалпы өзара әрекеттесу;	1 с.
5	Ойлау дизайнының кезеңдері	- эмпатия; - фокус қою; - идеялар жинау; - прототиптеу; - тестілеу	1
6	Ойлаудың дизайнын құру қадамдары	1 Қадам. Тұтынушыларды анықтау 2 Қадам. Тыңдау Құрал.Тұтынушылармен сарапшылардан тереңірек сұхбат алу 3 Қадам. Бақылау Құрал.Сараптама жүргізу 4 Қадам. Зерттеу Құрал.Баламаларды зерттеу	1
7	Креативті ойлауды дамыту жаттығулары Мақсаты: Креативті ойлауды дамыту.	- Ақылдың алты қалпағы; - кездейсоқ байланыстар; - Уолт дисней моделі (Арманшыл, реалист, сыншыл) - қуырылған дәлелдер; - креативті архитектор;	1 с.
8	Ойлау дизайны форматында жоба қорғау Мақсаты: білім беру ұйымдарындағы өзекті мәселелерді анықтау және оны шешу жолдарын ұсыну	- командаларға бөліну; - зерттеу тақырыптарды анықтау; - білім беру ұйымдарының педагог-психологтарымен ынтымақтасқан жұмыс; - жобаны қорғауға ұсыну.	6 с

Маңызды шектеуді атап өту керек: бағдарлама бойынша алғашқы жиынтық аз болғандықтан, нәтижелер теориялық жалпылау деңгейінде қарастырылмайды. Бірақ, бір жағынан, алынған мәліметтер оқу үдерісін жетілдіру үшін, студенттердің өздеріне – жеке креативтілігін дамыту саласындағы мақсат қою шеңберінде қолданбалы оқу мәніне ие. Екінші жағынан, диагностика қорытындылары нәтижелерді жинақтау және салыстырмалы талдау мақсатында «Креативтілер клубы» аясында ұйымдастырылған семинар-тренинг шеңберінде жыл сайын жүргізілетін бойлық зерттеудің бірінші (пилоттық) кезеңі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зерттеуге 6B01101- «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша 27 студент (2 курстан 19, 3 курстан 8) қатысты.


Эксперименттік жұмыстың қалыптастыру кезеңінде (семинар-тренинг) өткізілместен бұрын сыналушылармен «Ойлау және креативтілік» (Дж. Брунер) және Е.П. Ильиннің «Креативтілік қабілет» тестілері жүргізілді. Бұл әдістер біздің зерттеу жұмысымыздың психодиагностикалық бағытын құрады.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші бағытына орай, эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңінде жоғарыда атап өткен стандартталған психодиагностикалық зерттеу әдістері бойынша алынған нәтижелерге талдау жасаймыз.

Зерттеу жұмысымыздың барысында ең алдымен Дж. Брунердің «Ойлау және креативтілік» тестісі жүргізілді. Экспериментке қатысқан сыналушылардың тест көрсеткіштерін төмендегі кестеде ұсынамыз.

3-кесте – Дж. Брунердің «Ойлау және креативтілік» тестісінің нәтижелер (N-27)

№	Сыналушы	Пәндік ойлау	Символдық ойлау	Таңбалық ойлау	Бейнелік ойлау	Креативтілік
1	C1	4	6	4	7	3
2	C2	7	3	6	5	5
3	C3	5	10	7	6	6
4	C4	6	3	4	6	5
5	C5	4	5	6	3	2
6	C6	2	3	5	7	4
7	C7	4	4	7	6	5
8	C8	7	7	6	5	3
9	C9	3	6	4	6	4
10	C10	2	5	6	5	3
11	C11	5	4	7	3	2
12	C12	4	2	5	5	4
13	C13	6	6	8	6	6
14	C14	3	3	6	7	7
15	C15	8	5	4	6	7
16	C16	5	7	6	4	3
17	C17	3	3	5	7	4
18	C18	6	6	8	5	6
19	C19	8	4	6	4	4
20	C20	4	6	8	5	3
21	C21	3	11	6	4	6
22	C22	5	3	5	6	4
23	C23	7	3	4	6	5
24	C24	5	5	8	4	6
25	C25	4	7	5	3	5
26	C26	6	4	7	5	4
27	C27	4	6	8	7	6



1-сурет – Дж. Брунердің «Ойлау және креативтілік» тестісі бойынша нәтиже

Жоғарыдағы кестеде көріп отырғанымыздай, тест бойынша пәндік ойлау сыналушылардың 18-де (67 %) төмен, 9-да (33 %) орта көрсеткішті көрсетті. Символдық ойлау 2-і сыналушыда (7,4 %) жоғары, 9 сыналушыда (33,3 %) орта, 16 сыналушыда (59,3 %) төмен екені анықталды. Таңбалық ойлау бойынша сыналушылардың 10-ы (37 %) төмен, 17-і (63 %) жоғары көрсеткіш анықталды. Сыналушылардың 13-де (48,2%) бейнелік ойлаудың төмен, 14-і (51,8%) орта деңгейде екендігі айқындалды. Креативтілік 8

(30%) сыналушыда орта, 19 (70%) төмен деңгейді көрсетті.


Келесі сатыда Е.П. Ильиннің «Креативтілік қабілет» тесті жүргізілді. Бұл тест жеке тұлғаның креативтілік қабілетін анықтауға арналған. Тест сұрақтары сыналушыларға қиындық туындатқан жоқ. Осы тест бойынша сыналушылардың креативтілік қабілетінің нәтижелерін ұсынамыз. Эксперименттік жұмыста аталмыш тестілеуден 27 сыналушы қатысты. Нәтижелерін төмендегі кестеде ұсынамыз.

4-кесте – Креативтілік қабілет (Е.П. Ильин) тестісі бойынша нәтижелер

Сыналу-шы	80-100 балл – креативтілігі- ңіз жоғары, өте жоғары	60-80 балл – сіз креативті адамсыз	40-60 балл – сіздің креативтілігіңіз орташа	20-40 балл – сіз шығарма-шыл емессіз	10-20 балл – сіз шығармашылық үйірмелерге баруыңыз керек
C1					12
C2			40		
C3			48		
C4				24	
C5					16
C6			42		
C7				22	
C8					20
C9			40		
C10					14
C11					10
C12				28	
C13			51		
C14		62			
C15		68			
C16					13
C17				33	
C18			45		
C19					15
C20					13
C21			42		
C22					17
C23				26	
C24			53		
C25				22	
C26					18
C27			47		

№4 кестеде көріп отырғанымыздай сыналушылардың 2-уі (7 %) ғана 60 баллдан жоғары көрсетіп, креативті екенін байқатты. Сыналушылардың 9-ы (33%) креативтіліктің орташа,

6-уы (23 %) шығармашыл емес екенін, 10-ы (37%) шығармашылық өте төмен деңгейді көрсетті. Осы көрсеткіштерді диаграммада көрсетеміз.



2-сурет – Креативтілік қабілет тестісі бойынша нәтижелер

«Креативтілер клубы» аясындағы семинар-тренингінің оқу нәтижелері студенттерге олардың жеке стильдері мен ерекшеліктерін, күшті жақтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, Дж. Брунердің «Ойлау және креативтілік» тестісінің нәтижесінде символдық ойлау бойынша ғана жоғары көрсеткіш көрсеткен студенттер болды (7,4 %). Ал пәндік ойлау, таңбалық ойлау, бейнелік ойлау бойынша студенттердің орта және төмен көрсеткіштері айқындалды. Креативтілікті сту-

денттердің басым бөлігі (70%) төмен деңгейді көрсетті.

Екіншіден, Е.П. Ильиннің «Креативтілік қабілет» тестінің нәтижесінде сыналушылардың басым бөлігінің (37 %) креативтілігі өте төмен екендігі анықталды.


Креатив клубының қатысушылары жоба аясында өз белсенділіктерін көрсете алды. Сыналушылардан Креатив клубының соңғы отырысында біз Дж. Брунердің «Ойлау және креативтілік» тестісін қайта жүргіздік.

5-кесте – Экспериментке дейінгі және кейінгі салыстырмалы көрсеткіштер

№	Шкалалар	Экспериментке дейін			Эксперименттен кейін		
		Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
1	Пәндік ойлау		9(33 %)	18 (67 %)	2 (8%)	13(48%)	12(44%)
2	Символдық ойлау	2 (7,4%)	9(33,3 %)	16 (59,3 %)	3 (11%)	16 (59 %)	8 (30%)
3	Таңбалық ойлау	17-і (63 %)		10 (37 %)	18-і (67 %)	6 (22 %)	3 (11 %)
4	Бейнелік ойлау		14 (51,8%)	13 (48,2%)	4 (15 %)	14 (52 %)	9 (33 %)
5	Креативтілік		8 (30%)	19 (70%)	1 (4 %)	10 (37 %)	16 (59 %)

Көріп отырғанымыздай сыналушыларда Креатив клубы аясында ұйымдастырылған семинар-тренинг өзінің оң нәтижесін беріп, әр шкала

бойынша экспериментке дейін және кейін көрсеткіштердің өзгергенін байқаймыз. Осы көрсеткіштердің біз төменде диаграммасын ұсынамыз.



3-сурет – Эксперименттен кейінгі нәтижелер

Зерттеу жұмысымызда біз болашақ педагог-психологтардың креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктерін анықтауда екі бағыттағы, яғни психодиагностикалық жұмыстар арқылы сыналушылардың креативті ойлау, креативтілік қабілет деңгейі стандартталған тесттер арқылы анықтап алынды. Көрсеткіштерде байқағанымыздай сыналушылардың креативті ойлауы орташа және төмен деңгейде екені анықталды. Зерттеу жұмысымыздың мақсатына жету үшін жүйелі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Эксперименттік жұмыстың екінші бағытында Креатив клубы ұйымдастырылды. Клуб аясында семинар-тренинг жүргізілді. Семинар-тренинг сынлаушыларды креативті ойлау мәнін ұғынуға және жоба арқылы өздерінің креативтілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Біздің зерттеу жұмысымызда атап өткендей ойлау дизайны креативті ойлауды дамыту құралы ретінде пайдаланылды. Ойлау дизайны алгоритмін қалай қарастырғанымызды сипаттаймыз. Сыналушылар жобалық жұмысқа ойлау дизайнының кезеңдеріне сәйкес бағытталды.

1. Эмпатия. Сыналушылар мәселелік аймақты зерттейді. Зерттеу нысаны – адам (тапсырыс беруші/пайдаланушы), олар оның физикалық және эмоциялық қажеттіліктерін, мінез-құлқын, ойларын, пайдаланушы тәжірибесін зерттейді. Осы кезеңде не істеді? Сыналушылар креативті және ойлау дизайнымен, яғни пәндік саламен танысты. Мәселелік сұрақтар анықталды. Әрі қарай нені шешеді?:

- Ақпаратты қалай жинайды?
- Қандай көздерді пайдалану керек?
- Пайдаланушы тәжірибесін анықтауға қандай сұрақтар көмектесетінін анықтайды.
- Ақпарат жинайды: сауалнама, сұхбат жүргіземіз.

2. Фокустау. Алынған ақпаратты талдайды, жүйелейді және түсіндіреді. Бірінші кезеңде естіген және көрген барлық нәрсені нақты, мағыналы тапсырмаға айналдырады (маңызды!). Осы кезеңде не істейді? Олар әртүрлі пайдаланушылардың портреттерін жасайды. Олардың мінез-құлқының негізгі себептерін бөліп көрсетеді және нақты міндеттерді тұжырымдайды.

3. Идеяларды қалыптастыру. Сыналушылар мәселені қалай шешуге болатынын ойлайды, ол үшін командада миға шабуыл жасайды. Осы кезеңде не істейді? Олар идеяларды сызады, миға шабуылдың басқа қатысушыларының нұсқаларына сүйене отырып, өз ойларын дамытуды үйренеді. Ең қолайлы ұсыныстарды таңдап, оларды қалдыратын критерийлерді анықтайды.

4. Прототиптеу. Ең қолайлы идеяларды сынайтын модельдерге айналдырады. Негізгі міндет-ойлап тапқан нәрсені жүзеге асыру және пайдаланушының алғашқы тәжірибесін алу. Әдетте, бұл процесте ескі идеялар жақсарады немесе жаңалары пайда болады. Осы кезеңде не істейді? Жобада қолданатын материалдардың прототиптерін жасайды.

5. Тестілеу. Бұл «сынақ және қателік» қадамы: сыналушылар идеяларының пайдаланушылар дұрыс тәжірибе ала ма, жоқ па, соны тек-

середі. Осы кезеңде не істейді? Сыналушылар прототиптерді іс жүзінде тексереді. Тестілеу үшін екі топ бір-бірінен бағытталады. Оларға прототиптерді көрсетіледі және кері байланыс алады. Соңында топтар алған тәжірибені рефлексиялайды: не жүзеге асырылғанын және нақтылауды қажет ететінін талқылайды.

Қорытынды

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауға жаңаша көзқарас қалыптасуда. Жоғары оқу орындарында болашақ маманның өзі алған білім құндылықтарының тәжірибедегі ролін айқындай алуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда білім құндылықтары болашақ маманның бойында икемді дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы маңызды. Көптеген тәжірибелік заманауи зерттеулерде икемді дағдылардың қатарына креативті ойлауды енгізуде. Креативті ойлау туралы сөз қозғағанда көпшілік тек шығармашылық мамандықтарға қажет нәрсе ретінде түсінуге бейім. Яғни, креативті ойлау музыканттар, фотографтар, дизайнерлер және т.б. мамандықтар үшін маңызды деген көзқарас жоқ емес. Шын мәнінде, қазіргі әлемде креативті ойлау қабілеті әр маман үшін маңызды дағдылардың бірі болып табылатындығы дәлелденуде.

Креативті ойлау – бұл адамның бойындағы жеке қасиеттер мен мінез-құлық қасиеттерінің жиынтығы, яғни ақыл-ой ақпаратты қалай өңдейді, оның жеке күштері қандай және бұл адамның күш-жігерін қоршаған адамдар қолдайды ма? Бұл факторлар шығармашылықты зерттеуге мүмкіндік беретін негіз болып табылады және адамның шығармашылық әлеуетін барынша толық пайдалана алатынын көрсетеді.

Болашақ маманның креативті ойлау қабілеттілігі оларды кәсіби даярлау үдерісінде гуманистік (креативті тұлғаның қалыптасуы, даралану), мақсатты (адам іс әрекетінде жаңа мақсаттың пайда болу үдерісіне мүмкіндік береді), маңызда (нақты заттар мен құбылыстардың мәнін ашу), креативті (мәдени маңызды және осыған дейін белгісіз өнімді жасау) функцияларында көрінеді (Нұржанова, 2010).

Креативті ойлауды әлемге әйгілі шедеврлерді жасау сияқты үлкен ерлікпен немесе күнделікті мәселелерді шешудегі қарапайым қабілетпен көрсетуге болады. Егер ол жаңа немесе бірегей тәсілдерді қамтыса және нәтижелерді пайдалы немесе қолайлы деп сипаттауға бола-

тын болса, әрекетті креативті деп санауға болады. Креативтілікке деген қызығушылық барған сайын күрделі және бейберекет сыртқы ортамен түсіндіріледі.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерге орай, қазіргі қоғам жаңа ақпарат ағынында өзін-өзі бағдарлау мүмкіндігі жоғары, креативті ойлай алатын мамандарды қажет етуде. Жұмыс берушілердің әр түрлі лауазым үміткерлеріне қоятын талаптар тізімінде креативтілік пен креативті ойлау жиі кездеседі. Сондықтан жоо-да білім беру үдерісінде креативті ойлауды зерттеу өзекті мәселелердің бірі ретінде алға шығады.

Болашақ маманның кәсіби қалыптасуына түбегейлі әсер ететін оқу қабілеті. Өйткені ол оның жоғары оқу орнынан кейінгі үздіксіз білім берудегі мүмкіндіктерін анықтайды-оқуды үйрену қазіргі уақытта тез ескіретін белгілі бір білім жиынтығын игеруден гөрі маңызды. Одан да маңыздысы- креативтілік ойлауға негізделген білімді өз бетінше алу қабілеті. Әсіресе жоғары оқу орындарында арнайы қабілеттер дамуда. Студент алғаш рет болашақ мамандықтың құрамдас бөлігі болып табылатын көптеген қызмет түрлерімен бетпе – бет келеді, сондықтан жоғары курстарда студенттермен қарым-қатынастың диалогтық формаларына, атап айтқанда, олардың өзіндік және дипломдық жобаларын орындау, тәжірибеден өту және т.б. үдерісінде ерекше назар аудару қажет. Студенттік кезеңдегі эмоциялық сала тепе-теңдік күйге келеді, жасөспірім кезіндегі қарқынды дамудан кейін тынышталады.

Болашақ маманның креативті ойлау дағдыларын ашу жеке қасиет ретінде өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыруға әкелуі керек. Мәселенің болуы мен осы нақты жағдайларда оны шешудің мүмкіндігі арасындағы қайшылықты жеңу қажеттілігі қосымша ақпаратқа деген сұранысты тудырады. Мұның бәрі танымдық қажеттіліктерді қалыптастыра отырып, болашақ маманның жеке басының мотивациялық аймағына әсер етеді.

Шетелдік және кеңестік ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижелері негізінде креативті ойлауды әлемдегі әртүрлі заттар мен құбылыстар арасында байланыс орнату қабілеті ретінде тұжырым жасауға болады. Бұл байланыстар жаңа көзқарастардың, дағдылардың, әрекет ету тәсілдерінің ашылуына әкеледі.

Креативті ойлау-бұл материалды қабылдауды, оны түсінуді, есте сақтауды, талдауды және синтезді қамтитын күрделі психикалық үдеріс.

Бұл үдерісті меңгеру әртүрлі жағдайларда алған білімдері мен дағдыларын еркін пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл стандартты емес, ерекше және қызықты шешімдерді ойлап тауып, әртүрлі тәсілдермен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде креативті ойлаудың келесі сапалық сипаттамаларын ажыратады:

- дивергенция-қалыпты көріністерден тыс объектіні әр қырынан көру және оны қолданудың жаңа тәсілдерін табу мүмкіндігі;
- икемділік-көптеген шешімдерді табу және қабылдау мүмкіндігі;
- бірегейлік-идеялар мен шешімдердің әдеттен тыс болуы, ерекшелігі;
- дербестік-сырттан көмексіз шешім қабылдау қабілеті;
- жаңалық-объективті шындықта үдеріске немесе нәтижеге аналогтардың болмауы.

Кенестік психологтардың еңбектерінде креативтілік бірегей, шығармашылық қабілет ретінде қарастырылады. Студенттердің креативтілігін ынталандыратын маңызды фактор-интеллектуалды, логикалық міндеттер. Олар танымдық процестерді қозғайды, психикалық белсенділікті қалыптастырады. Тапсырманың негізгі құрылымдық компоненттерін шығармашылықпен қайта құру, оларды жаңа байланыс жүйелеріне қосу ойлаудың тәуелсіздігін қалыптастыруға белсенді ықпал етеді, ақыл-ойдың бірегейлігі мен ұшқырлығын дамытады.

Студенттің өткен тәжірибесіне сүйенуі креативті ойлаудың дамуына оң әсер етуі мүмкін. Студент бұрын кездескен ұқсас тапсырмаларды еске түсіріп, оларды дәстүрлі тәсілдермен шешпей, жаңа, әрі тиімді ерекше шешімдерді іздейді. Креативтілікті дамыту кезінде студенттердің практикалық маңызды және қызығушылық туындататын білімді ғана игеруге дайын екендігін ескеру қажет.

Креативті ойлауды дамыту үшін педагог пен студенттің субъект-субъектілі өзара әрекеттесуі жүзеге асуы маңызды. Ынтымақтастықтың бұл түрі оқу үдерісін адамгершілік қатынастардың даму факторына айналдырады. Мұнда студент педагог құратын оқу үдерісінің бірлескен авторы бола алады. Педагог пен студенттің бірлескен жұмысында әркім бір-біріне өзара көмектесе отырып, өзінің өмірлік және болашақ мамандығына қатысты кәсіби міндеттерді шешеді.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші міндетіне орай «креативтілік», «креативті ойлау», «ойлау дизайны» ұғымдарының мазмұны туралы ғылыми түсініктер жүйеленді. Аталмыш ұғымдар

ұқсас мазмұнда болғанмен олардың мазмұнын тұжырымдауда айырмашылықтар бар екені ғылыми зерттеулерді зерделеу барысында анықталды. Біз зерттеу жұмысымызда бұл ұғымдар бір-бірімен байланыстылығында қарастырылды.

Екінші міндетке сәйкес болашақ педагог-психологтардың креативті ойлауын қалыптастыру арқылы жоғары оқу орны оқу тәрбие үдерісіндегі оқыту пәндерінің мазмұнына сай, күнделікті сабақтарда ойлау дизайнын дамытуға бағытталған жұмыстармен толықтырып отыру.

Үшінші міндетке сәйкес болашақ педагог-психологтардың креативті ойлау деңгейі эксперименттік жұмыс арқылы зерттелді. Зерттеу қатысушылардың креативті ойлау деңгейін анықтау мақсатында екі әдістеме қолданылды. Сыналушылардың нәтижелері кестелер мен диаграммаларды көрсетілді.

Зерттеу жұмысымыздың төртінші міндетіне сәйкес болашақ педагог-психологтардың креативті ойлауын қалыптастыру бойынша «Креатив клубының» бағдарламасы әзірленді. Оның мазмұны, мақсаты және сағат саны мен ұйымдастырылуы жүйелі жүргізілді. Сыналушылар қазіргі таңдағы өзекті болып отырған жасөспірімдер арасындағы «Интернетке тәуелділік» және «Жастар арасындағы лудомания» тақырыбында жоба әзірлеп, оны шешу жолдарын ойлау дизайны форматында Креативтілер клубы аясында қорғады.

Жүйелі жұмыстардың негізінде біздің жұмысымызда болашақ педагог-психологтардың креативті ойлауын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері педагогикалық және психологиялық тұғырда жүйеленіп, болашақ педагог-психологтардың креативті ойлауы эксперименттік зерттеліп, арнайы жаттығулар арқылы креативті ойлаудың қалыптасуы анықталып, соның негізінде педагог-психологтардың креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктерін айқындауға болатындығы дәлелденді.

Студенттің креативтілігін ашқан кезде жеке тұлғаның қасиеті ретінде өздігінен білім алу қажеттілігі қалыптасады. Мәселенің болуы мен оны нақты жағдайларда шешудің мүмкіндігі арасындағы қайшылықты анықтау қосымша ақпаратқа деген қажеттілікті туындатады. Осылайша, ол танымдық қажеттіліктерді қалыптастыра отырып, студенттің жеке басының мотивациялық саласына әсер етеді. Креативті ойлау – ақпаратты қабылдау, семантикалық өңдеу, алған білімін, дағдыларын сақтау және оларды әртүрлі

стандартты емес жағдайларда қолдану үдерісі.

Креативті ойлау-бұл қоршаған әлемге қандай да бір жолмен қолданылуы мүмкін идеяларды қалыптастыру тәсілі. Бұл көбінесе лингвистикалық, математикалық және тұлғааралық сияқты интеллекттің белгілі бір аспектілерін қолдана отырып мәселелерді шешуді қамтиды. Креативті ойлау жаңа немесе ерекше нәрсе жасауды қамтиды. Оған икемділік, өзіндік ерекшелік, еркін сөйлеу, бейнелеу, ассоциативті ойлау, атрибуттарды санау, метафоралық ойлау және мәжбүрлі қарым-қатынас дағдылары кіреді. Креативті ойлау мақсаты- қызығушылықты ояту және дивергенцияны алға жылжыту.

Зерттеу жұмысымызда қорытындылай келе біз төмендегідей ұсыныстар береміз:

1. Жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде креативті ойлауды дамыту үшін студенттердің санасында, мінез-құлқында және қарым-қатынасында қажетті, жоспарланған өзгерістерді тудыру үшін арнайы жағдайлар жасап, оған әсер ету тетіктерін негіздеу қажет.

2. Студенттердің креативті ойлауын көрсетуге сабақтан тыс жұмыстар да ықпал етеді. Сон-

дықтан оқудан тыс іс-шаралар, яғни студенттерді көрмелерге, конкурстарға, түрлі үйірмелерге қатысуға тарту арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл оларға нақты жағдайларға бейімделуге, жасырын ресурстарын ашуға көмектеседі. Сабақтан тыс жұмыстар студенттерге өз кемшіліктерімен күресуге көмектеседі.

3. Креативтілікті қалыптастырудың психологиялық шарттары жеке тұлғаның ішкі ресурстарын және белгілі бір кәсіби қызметтің сұраныстарын ескеру болып табылады. Мұнда іс-әрекетке жеке мотивация, яғни жеке тұлғаның сыртқы немесе ішкі көрінісін анықтайтын әлеуметтік бағыт пен бақылау локусы шешуші факторлардың бірі ретінде алдағы уақытта зерттеу жұмыстарын жүргізуге ұсынымыз.

4. Студенттердің креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктерінде «Ойлау дизайны» оқу курсы білім беру бағдарламасына енгізуге ұсыныс береміз. Себебі ойлау дизайнын бүгінгі таңдағы креативті шешімдер жасауда тұтынушылардың тікелей қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған бірден бір мықты құрал болып табылады.

Әдебиеттер

1. Adams, R. J., Vista, A., Scoular, C., Awwal, N., Griffin, P., & Care, E. (2015). Automatic coding procedures for collaborative problem solving. In P. Griffin & E. Care (Eds.), *Assessment and teaching of 21st century skills: Methods and approach* (pp. 115–132). Springer.
2. Бөгенбаева, Ә. Б. (2023). Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (10-11-сынып): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. (6D011700). Алматы.
3. Бұзаубақова, К. Ж. (2014). Білім берудегі инновациялық технологиялар. Тараз.
4. Дункер, К. (1981). Подходы и исследования продуктивного мышления. Психология мышления. Просвещение.
5. Ильин, Е. П. (2009). Психология творчества, креативности, одаренности. СПб.: Питер.
6. Қыдырова, С. Р. (2021). Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары (Докторлық диссертация). Алматы.
7. Леонтьев, А. Н. (2005). Деятельность, сознание, личность. Москва.
8. Никифоров, А. Л. (2005). Логика и аргументация. Современный гуманитарный университет.
9. Нұржанова, С. А. (2010). Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандардың креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері (Докторлық диссертация). Астана: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті.
10. Оспанова, Б. А. (2006). Технология формирования креативности будущего специалиста в условиях университетского образования. Туркестан.
11. Рубинштейн, С. Л. (2000). Основы общей психологии. СПб.: Издательство «Питер».
12. Таубаева, Ш. Т. (1999). Оқытудың қазіргі технологиялары. Бастауыш мектеп, 4, 5–12.
13. Торренс, Е. П. (1988). Природа креативности, проявляющаяся в тестировании. In P. Стернберг & Т. Тардиф (Eds.), *Природа творчества* (pp. 43–75). Кембридж: Кембр. Пресс.
14. Тұрғынбаева, Б. А. (2007). Ұстаздық шығармашылық. Алматы.
15. Утемов, В. В., Зиновкина, М. М., & Горев, П. М. (2024). *Креативная педагогика* (2-е изд., испр. и доп.). Москва: Издательство Юрайт.

References

1. Adams, R. J., Vista, A., Scoular, C., Awwal, N., Griffin, P., & Care, E. (2015). Automatic coding procedures for collaborative problem solving. In P. Griffin & E. Care (Eds.), *Assessment and teaching of 21st century skills: Methods and approach* (pp. 115–132). Springer.

Bögenbaeva, Ä. B. (2023). Kreativti oilau arqyly tildik qatynasty damytudyñ ğylymi ädistemelik negizderi (10-11-synyp): filosofia doktory (PhD) дәресін алу үшін дайындалған дис. (6D011700). Almaty. [Scientific and methodological foundations for developing language communication through creative thinking (10-11 grades): Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD).] (in Kazakh)

Büzaubaqova, K. J. (2014). Bilim berudegi innovasiyalıq tehnologialar. [Innovative technologies in education]. Taraz. (in Kazakh)

Qydyrova, S. R. (2021). Studentterdiñ şyğarmaşylyq oilaun damytudyñ psihologialyq-pedagogikalyq şarttary (Doktorlyq disertasia). Almaty. [Psychological-pedagogical conditions for developing students' creative thinking (Doctoral dissertation).] (in Kazakh)

Nürjanova, S. A. (2010). Joğary käsıptik bilim beru jüiesinde bolaşaq mamandardyñ kreativti oilaun qalyptastyrudıñ pedagogikalyq-psihologialyq negizderi (Doktorlyq disertasia). Astana: S. Seifulin atyndağy Qazaq agrotehnikalyq universiteti. [Pedagogical-psychological foundations for the formation of creative thinking in future specialists within the system of higher professional education (Doctoral dissertation).] (in Kazakh)

Taubaeva, Ş. T. (1999). Oqytudyñ qazirgi tehnologialary. [Current teaching technologies]. Bastauys mektep, 4, 5–12. (in Kazakh)

Türğynbaeva, B. A. (2007). Üstazdyq şyğarmaşylyq. [Teaching creativity]. Almaty. (in Kazakh)

Dunker, K. (1981). Podhody i issledovaniya produktivnogo myshleniya. [Approaches and research on productive thinking]. Psihologiya myshleniya. Prosveshhenie. (in Russian)

Il'in, E. P. (2009). Psihologiya tvorchestva, kreativnosti, odarennosti. [Psychology of creativity, creativity, and giftedness]. SPb.: Piter. (in Russian)

Leont'ev, A. N. (2005). Dejatel'nost', soznanie, lichnost'. [Activity, consciousness, personality]. Moskva. (in Russian)

Nikiforov, A. L. (2005). Logika i argumentacija. [Logic and argumentation]. Sovremennyy gumanitarnyy universitet. (in Russian)

Ospanova, B. A. (2006). Tehnologiya formirovaniya kreativnosti budushhego specialista v usloviyah universitetskogo obrazovaniya. [Technology of forming creativity in future specialists in the context of university education]. Turkestan. (in Russian)

Rubinshtejn, S. L. (2000). Osnovy obshhej psihologii. [Fundamentals of general psychology]. SPb.: Izdatel'stvo «Piter». (in Russian)

Torrens, E. P. (1988). Priroda kreativnosti, proyavljajushhasja v testirovanii. In R. Sternberg & T. Tardif (Eds.), Priroda tvorchestva (pp. 43–75). [The nature of creativity as manifested in testing. In R. Sternberg & T. Tardif (Eds.), The nature of creativity (pp. 43–75)]. Kembridzh: Kambr. Press. (in Russian)

Utemov, V. V., Zinovkina, M. M., & Gorev, P. M. (2024). Kreativnaja pedagogika (2-e izd., ispr. i dop.). [Creative pedagogy (2nd ed., rev. and expanded)]. Moskva: Izdatel'stvo Jurajt. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Аманбайқызы Райхан – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ., Қазақстан, e-mail: raikhan.832016@gmail.com)

Аяганова Алмагуль Жандильдаевна – п.с.ғ.к., Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының доценті (Қызылорда қ., Қазақстан, e-mail: ayaganova_alma@mail.ru)

Жубаназарова Назираш Сулейменовна – п.с.ғ.к., Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: zhubanazarova@mail.ru)

Тотикова Гулдана Арыновна – PhD докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, педагогика кафедрасының аға оқытушысы (Шымкент, Қазақстан, e-mail: sultik.askarbek@mail.ru)

Сведения об авторах:

Аманбайқызы Райхан – докторант образовательной программы «Педагогика и психология» Кызылординский университет им. Коркыт Ата (г.Кызылорда, Казахстан, e-mail: raikhan.832016@gmail.com)

Аяганова Алмагуль Жандильдаевна – к.п.с.н., доцент Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан (г.Кызылорда, Казахстан, e-mail: ayaganova_alma@mail.ru)

Жубаназарова Назираш Сулейменовна – к.п.с.н., доцент кафедры общей и прикладной психологии, КазНУ имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: zhubanazarova@mail.ru)

Тотикова Гулдана Арыновна – Доктор PhD, Южно-Казахстанский университет им.М. Ауэзова, старший преподаватель кафедры педагогики (г. Шымкент, Казахстан, e-mail: sultik.askarbek@mail.ru)

Information about authors:

Amanbaikyzy Raikhan – doctoral student of the educational program «Pedagogy and psychology», Korkyt Ata Kyzylorda State university (Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: raikhan.832016@gmail.com)

Ayaganova Almagul Zhandildaевна – PhD, Associate Professor of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan (Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: ayaganova_alma@mail.ru)

Zhubanazarova Nazirash Suleimenovna – PhD, Associate Professor of the Department of General and Applied Psychology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhubanazarova@mail.ru)

Totikova Guldana Arynovna – PhD, M. Auezov South Kazakhstan University, Senior lecturer of the Department of pedagogy (Shymkent, Kazakhstan, e-mail : sultik.askarbek@mail.ru)

Келін түсті 13.12.2024

Қабылданды 01.03.2025